



**ШЕШІМ**

30.03.2023

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ 8/1-VIII

город Астана

**Астана қаласы мәслихатының  
сегізінші сайланымының 2023 жылға  
жұмыс жоспары туралы**

Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

Қоса берілген Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының 2023 жылға жұмыс жоспары бекітілсін.

Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы

**Е. Каналимов**

Астана қаласы мәслихатының  
2023 жылғы 30 наурыздағы  
№8/1- VIII шешімімен  
бекітілген

**Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының  
2023 жылға арналған жұмыс  
ЖОСПАРЫ**

№	Мәселе атауы	Қарау мерзімі
<b>I. Мәслихат сессиясына енгізілетін мәселелер</b>		
1.	Астана қаласының тұрғындарына көліктік қызмет көрсету жөніндегі шаралар кешенін іске асыру туралы	II тоқсан
2.	Астана қаласында төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жүйелі шараларды қолдану туралы	III тоқсан
3.	Астана қаласында тұрғын үй алаптарын дамытудың кешенді жоспарларын орындау туралы	IV тоқсан
4.	Астана қаласының 2024-2026 жылдарға арналған бюджетінің жобасы туралы	
<b>II. Тұрақты комиссиялардың қарауына енгізілетін мәселелер:</b>		
<b>Заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия</b>		
5.	Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, есепке алудың барлық түрлерінде тұратын кәмелетке толмағандардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған спорттық, ағартушылық және мәдени іс-шараларды өткізу туралы.	II тоқсан
6.	Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар және елордалық дәріханалар арқылы қатты әсер ететін дәрілердің таралу фактілері туралы.	
7.	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың, қоғамнан оқшауламайтын жаза түрлеріне тартылған және қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шаралар қолданылған тұлғалар арасында қылмыстардың қайталануының алдын алу	III тоқсан

	туралы. Осы тұлғаларды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету.	
8.	Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі 232/32-VII «Құқық қорғау органдарының азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысының жай-күйі туралы» шешімінің орындалу барысы туралы	IV тоқсан
<b>Құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия</b>		
9.	Астана қаласын жылумен жабдықтауды дамыту перспективасы (ЖЭО-3, жылу желілерін дамыту, газ отынымен кварталдық қазандықтар салу, газдандыру бағдарламасын іске асыру туралы есеп)	II тоқсан
10.	Қаланың шеткі аймақтары мен тұрғын алаптарының жол инфрақұрылымын дамыту	
11.	Жол кептелісі (автомобиль кептелісі) мәселесін шешу туралы. Астана LRT жобасын іске асыру перспективасы	III тоқсан
12.	Елорда экологиясының проблемалық мәселелері (автокөліктің CO2 шығарындылары, электр көлігі үшін инфрақұрылымды қамтамасыз ету, Есіл өзені суларының ластануы, ҚТҚ полигондарының жұмысы және ҚТҚ кәдеге жарату жөніндегі жұмыстың ашықтығын қамтамасыз ету перспективасы туралы)	IV тоқсан
<b>Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия</b>		
13.	Астана қаласында арнайы экономикалық аймақтарды дамытудың экономикалық әсері мен перспективалары	II тоқсан
14.	«Astana» ӘКК АҚ және оның еншілес ұйымдары жұмысының тиімділігі	
15.	Астана қаласында қоғамдық көлік пен такси жұмысын субсидиялау және тиімділігі	III тоқсан
16.	IT жобаларды іске асыру және «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ жұмысының нәтижелілігі	IV тоқсан
<b>Әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия</b>		
17.	Балабақшаларды 2023 жылға тамақтандыру бойынша субсидиялау	
18.	Дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, Мұнайтпасов атындағы стадион, «Қазақстан» спорт сарайы құрылысының барысы туралы	II тоқсан

19.	«Жайлы мектеп» жобасын іске асыру барысы туралы Мүгедектігі бар тұлғалармен жұмыс жөніндегі ұйымдар қызметінің сапасын бағалау рейтингін енгізу	III тоқсан
20.	Астана қаласының колледждері мен жоғары оқу орындарында білім алушылардың жатақханаларда орындармен қамтамасыз етілу жағдайы туралы	IV тоқсан
<b>III. Жариятындаулар:</b>		
21.	«Қолжетімді және жайлы қоғамдық дәретханалар - елорданың мәдени бет-бейнесі» бағдарламасын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы	II тоқсан
22.	Астана қаласында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру нәтижелері	
23.	Пәтер иелерінің кооперативінен (ПИК) Қарапайым серіктестіктерге (ҚС) және Мүлік иелерінің бірлестігіне (МИБ) көшу бойынша реформаны іске асыру	III тоқсан
24.	Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу (заңдылық комиссиясы)	IV тоқсан
<b>IV. Депутат күні</b>		
25.	Қалалық инфрақұрылымды және тұрғын үй құрылысын дамытудың перспективалық жоспары (2030 жылға дейін сумен жабдықтау желілері мен шаруашылық-тұрмыстық және жаңбыр сарқынды суларының кәріз желілерін дамыту жоспарлары. Ескі тұрғын үйлерді бұзу. Жатақханаларды жаңарту бағдарламасы)	Бірінші жартыжылдық
26.	Астана қаласында кәсіпкерлікті қолдау және дамыту тетіктері	Екінші жартыжылдық